

Н. Сагидолда^{1*}, Ә.А. Дуйсембай²

Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nagima.sagidolda@narхоз.kz)

¹ORCID 0000-0002-7038-8165,

²ORCID 0009-0001-3467-9950

Аутист балалардың әлеуметтік медиа контексінде кибербуллингке ұшырауының алдын-алу жолдарын қарастыру

Мақалада аутистік спектрі бұзылған балалар арасындағы кибербуллинг құбылысына терең талдау жасалған, бұл ата-аналардың оны тану күрделілігімен қиындады. Мақаланың мақсаты — әлеуметтік желіде аутистік спектрі бұзылған балалар арасындағы кибербуллинг құбылысын зерттеу және сипаттау. Жүргізілген талдауларға сүйене отырып, аутизм бар балаларға арналған кибербуллингтің ерекшеліктерін, себептері мен салдарын анықтау. Зерттеу 14 жасар сурет салумен қызығатын Бақтиярдың және видео-ойын жағдайында өзге ойыншы тарапынан кибербуллингке ұшыраған 15 жасар жасөспірімнің кейс-стадилеріне негізделген. Сонымен қатар балалардың шығармашылық белсенділігі мен эмоционалды жағдайындағы өзгерістердің динамикасын ашады. Зерттеу нәтижелері кибербуллингпен күресу және аутист жасөспірімдердің шығармашылық қызығушылықтарын қолдау үшін тиімді ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Мақала проблеманы ерекше жағдай ретінде қарастырады, нейро-өзгеше балалардың кибербуллингті тануының қиындықтарын атап көрсетеді және белгілі бір топ үшін хабардарлықты арттыру және виртуалды кеңістікті қорғау шараларын ұсынады. Аутистік спектрі бұзылған балалар арасында кибербуллингтің алдын алу бойынша ұсыныстар берілген. Интернеттегі цифрлық сауаттылық пен қауіпсіздікті үйретуге, әлеуметтік дағдылар мен эмпатияны дамытуға, ата-аналардың белсенді қатысуына және мектептермен ынтымақтастыққа баса назар аударылған. Аутист балалар мен олардың ата-аналарына құпиялылық ережелерін үйрету және кибербуллингті тану оларды қорғауға ықпал етеді. Эмпатия мен әлеуметтік дағдыларды дамыту бағдарламалары балалардың онлайн ортадағы өзара әрекеттесуін жақсартуға көмектеседі. Кибербуллингке қарсы мектеп бағдарламалары хабардарлықты арттырады және инклюзивті орта жасайды. Зерттеу интернеттегі аутистік спектрі бұзылған (АСБ) балалардың қауіпсіздігіне жүйелі көзқарастың қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: аутистік спектрі бұзылған балалар, аутистік спектрі бұзылған, кибербуллинг, аутизм, ата-ана, мұғалім, депрессия, интернет.

Кіріспе

Буллинг (немесе қорқыту) — адамға немесе адамдар тобына қатысты қасақана және жүйелі зорлық-зомбылықпен, қорлаумен, қудалаумен немесе абыюзивті қарым-қатынастың басқа түрлерімен сипатталатын агрессивті мінез-құлық түрі. Бұл мінез-құлық көбінесе қысым жасау, осал сезіну, қорқыншы сезіну немесе психологиялық немесе физикалық зардаптардан зардап шегу мақсатын көздейді.

Дәстүрлі буллинг цифрлық кеңістіктен тыс нақты әлемде болатын агрессивті мінез-құлықты қамтиды. Бұл мектепте, жұмыс орнында немесе қоғамдық орындарда болатын физикалық шабуылдар, ауызша қорлау, қорқыту, қорлау, кемсіту болуы мүмкін.

Кибербуллинг, керісінше, онлайн ортада немесе цифрлық байланыс құралдары арқылы болатын қорқыту түрін білдіреді. Бұл әлеуметтік медиа, хабарламалар, электрондық пошта және басқа да онлайн платформалар арқылы қорқыту, қорлау, жала жабу немесе жеке ақпаратты тарату болуы мүмкін.

Дәстүрлі буллинг пен кибербуллинг арасындағы айырмашылық негізінен агрессивті мінез-құлықтың формасы мен тәсілі болып табылады: дәстүрлі қорқыту нақты өмірде бетпе-бет келеді, ал кибербуллинг интернет пен цифрлық байланыс арқылы жүзеге асырылады. Қорқытудың екі түрі де зардап шеккендерге ауыр психологиялық және эмоционалды әсер етуі мүмкін, бірақ олардың пайда болу тәсілдері олардың пайда болу ортасына байланысты әр түрлі.

Кибербуллинг, онлайн агрессия ортасы қазіргі қоғамда маңызды мәселе болып қала береді. Аутистік спектрі бұзылған (АСБ) балалар үшін бұл мәселе ерекше салмақ пен әсерге ие. Аутизм

неврологиялық бұзылыс ретінде өзінің ерекшеліктерін түсінуге, қабылдауға және әлеуметтік өзара әрекеттесуге ықпал етеді, бұл топты онлайн-ортада кибербуллингке осал етеді [1].

Бұл тақырыпты зерттеу кибербуллингің аутист студенттерге тигізетін жағымсыз салдарын түсіну және жеңу үшін маңызды. Осы құбылыспен күресу үшін көп нәрсе жасалғанына қарамастан, оның аутист балалар мен жасөспірімдерге қатысты ерекшеліктерін түсіну маңызды зерттеу бағыты болып қала береді.

Аутист адамдарда буллинг мазасыздық пен депрессиямен ассоциацияланады. Физикалық және жыныстық зорлық-зомбылық аутистік спектрі бұзылған адамдарда суицидтік ойлар немесе әрекеттер қаупін арттырады. Виктимизация стрестің жоғары деңгейімен және посттравмалық стресті бұзылулар (ПТСБ) белгілерімен байланысты. Жәбірленуші болғандар қатығез ңиклды жалғастыра отырып, қайта құрбан болу жоғары қаупін көрсетеді [2].

Аутист жастардың дәстүрлі және кибербуллинг пен жәбірленуінің қаншалықты жиі болатынын және онымен байланысты факторларды анықтау үшін Бретт Холфельд, Бренда Стоез, Жанин Монтгомери 2019 жылы зерттеу жүргізді [3].

Ол үшін 10-17 жас аралығындағы АСБ 23 адамның дәстүрлі және кибербуллинг пен жәбірлену тәжірибесі, технологияны пайдалану, әлеуметтік қолдау деңгейі, мазасыздық пен депрессия белгілерінің болуы және өмірге қанағаттануы туралы онлайн сауалнама толтырды. Ата-аналар сонымен қатар балаларының демографиялық сипаттамалары мен АСБ белгілері туралы ақпарат берді.

Зерттеу қатысушылардың жартысынан көбі (60,9 %) дәстүрлі буллингке тап болғанын және төрттен үш бөлігі (73,9 %) кибервиктимизацияға тап болғанын анықтады, ал дәстүрлі және кибербуллинг деңгейі сәйкесінше 26,1 % және 17,4 % құрады. Деректерді талдау сонымен қатар кибер-қорқытуға қатысу және кибервиктимизация тәжірибесі депрессия емес, мазасыздық белгілерінің жоғарылауымен байланысты екенін көрсетті [3; 62]. Бұл нәтижелер АСБ жастарға белгілі бір адамдар тобына әсерін азайту үшін кибербуллинг пен кибервиктимизациямен күресуде көмектесу әдістерін әзірлеудің маңыздылығын тудыртады. Зерттеу қатысушылары сонымен қатар ағымдағы зерттеудегі киберагрессияға қарағанда кибербуллинг құрбандықтарының жоғары көрсеткіштері туралы хабарлады.

Алайда, психология мен әлеуметтанудағы зерттеулер және бақылаулар аутист адамдар әлеуметтік желілерде жайлылық пен қолдау таба алатындығын көрсетеді. Ғылым тұрғысынан интернет және онлайн қауымдастықтар белгілі бір топ үшін бірегей байланыс және әлеуметтік интеграция мүмкіндіктерін ұсынады.

Аутист адамдар әлеуметтік дағдылардағы және қоршаған әлемді қабылдаудағы ерекшеліктерге байланысты нақты әлемде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Солай, әлеуметтік медиа оларға өздерін жайлы әрі сенімді сезінетін балама ортаны ұсына алады.

Триантафиллопулу П. және басқа авторлардың зерттеуінде әлеуметтік медианы пайдалану аутист адамдарға қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, әлеуметтік қолдауды нығайтуға және әлеуметтік байланыстарды құруға көмектесетінін көрсетеді. Ағымдағы зерттеуде қатысушылар (аутистік спектрі бұзылған ересектер) әлеуметтік медиа олардың күнделікті өмірінің бір бөлігі екенін хабарлады және олар өздерінің әлеуметтік желілеріне кірмеген кезде өздерін «ыңғайсыз» сезінеді екен [4].

Сонымен қатар, әлеуметтік медиа көбінесе аутист адамдарға қызығушылықтары мен қалаулары ұқсас қауымдастықтарды табуға мүмкіндік береді, олар өздерін қоғамға қосуды және түсінікті сезінуі мүмкін. Бұл виртуалды қауымдастықтар ақпарат алмасу, бір-бірін қолдау және әлеуметтік дағдыларды дамыту алаңы бола алады.

Әлеуметтік медиа аутист ересектердің күнделікті өмірінің маңызды бөлігі екендігі анықталғанымен, нәтижелер киберагрессияға қарағанда ересектердің кибербуллингке ұшырағанын көрсетті. Өзін-өзі бағалау деңгейі желідегі қауымдастық сезімімен тығыз байланысты және әлеуметтік медиа сайттарында және чаттарда еленбейтін сезіммен теріс корреляцияланған, ал әлеуметтік медианы пайдаланудың жоғары деңгейі аутист ересектер арасында кибербуллинг нәтижесінде құрбан болу қаупінің жоғарылауымен байланысты болды [4; 4468].

Австралиядағы ағымдағы бағалаулар әрбір төртінші баланың мектеп жылдарында қандай да бір дәрежеде (дәстүрлі және кибер) қорланатынын көрсетеді. Қорқыту үш негізгі сипаттамамен анықталады:

- ол басқа адамды ренжітеді;
- ол бірнеше рет немесе уақыт өте келе жүзеге асырылып отырады;

— ол жәбірленушіні өзін қорғауды қиындататын тұлғааралық қатынастардағы күш теңгерімсіздігін болжайды.

Қарым-қатынаста қорлау кезінде қорлаушылардың мақсаты көбінесе олардың әрекеттері арқылы жәбірленушінің мәртебесіне және/немесе әлеуметтік қатынастарына зиян келтіру.

Зерттеулер бойынша студенттердің көпшілігі қорлаудың құрбаны болғанымен, дәстүрлі қорлау кибербуллингке қарағанда әлдеқайда жиі болды, ауызша қорлау физикалық немесе қарым-қатынас қорлауына қарағанда жиі кездескені мәлім. Студенттер кибербуллинг есейген кезде пайда бола бастағанын атап өтті. Көп жағдайда буллер бірдей жаста немесе одан үлкен болған [5].

Кибербуллинг жасөспірімдерде жиірек кездеседі деген тұжырымдамамен 2019 жылы Хуэй Фанг Ху, Тай Линг Лю және т.б. авторлар жүргізген зерттеуі де келіседі. Соның нәтижесінде кибербуллинг жәбірленушілері ауыр депрессия мен мазасыздық туралы хабарлаған және кибербуллингтің құрбаны болмағандарға қарағанда суицидке бейім болды [6].

Алайда, ата-аналар балаларының интернеттегі өмірін үнемі қадағалап отыра алмайды, солай балалары кибербуллингке ұшырап жатқанын білмеуі де мүмкін.

Мысалы, 2011 жылы жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне сәйкес ата-аналардың балаларының онлайн белсенділігі туралы білімдері туралы шамадан тыс түсініктері бар екенін көрсетеді. Ата-аналар балалары интернетті онша пайдаланбайды, интернеттегі қауіпсіздікті талқылаудағы белсенділіктерін асыра бағалайды және балалардың өздері қабылдағаннан гөрі баланың желідегі әрекеттері туралы тереңірек хабардар екендігіне сенімді деп санайды [7].

Сондықтан, ата-аналар кибербуллингтің таралуы, оның қалай болатыны және оның алдын-алу жолдары туралы интернеттегі белсенділікті бақылау және балаларға жеке ақпаратты орналастыру, әлеуметтік желілерде бейтаныс адамдармен байланысу қаупін үйрету арқылы хабардар болуы керек.

Сонымен қатар, аутист жастар оқшауланды немесе тәуелсіздікті қалағандықтан емес, басқа адамның көзқарасы, тәжірибесі, білімі әр түрлі болатындығын білмегендіктен, басқа немесе одан да жақсысын таба алады деген ойға келмейтіндіктен көмек сұрамайды [8].

Бұл бақылаулар аутист адамдар арасында білім беру мекемелерінде кибербуллингке қарсы нақты стратегияны енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Ересектердің қадағалауына мүмкіндік бере отырып, кибербуллинг жағдайларын белсенді бақылау және басқару қажет. Сонымен қатар, барлық білім алушылардың, соның ішінде аутистік спектрдің бұзылуы бар оқушылардың оқу ортасында әлеуметтік интеграциясы мен қолдауын қамтамасыз ету үшін мектептегі атмосфера мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты ағымдағы мәселелерді тиімді шешу маңызды.

Аутистік спектрі бұзылған оқушылар мен олардың ата-аналарының мектептердегі қорлаумен күресуге қатысты ұсыныстар:

- мектептер, ата-аналар және мұғалімдер арасындағы байланысты жақсарту қажеттілігі;
- қорланған оқушыларға жақсырақ қолдау көрсету;
- АСБ оқушыларды қолдаудың мақсатты бағдарламаларын қоса алғанда, көп жоспарлы профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу;
- қорлаушы адамдар үшін қатаң жазалар қажет.

Сондықтан АСБ оқушыларға қауіпсіз мектеп ортасын қамтамасыз ету үшін мектеп контекстінде, қорлаудың алдын алу бағдарламалары мен саясатында кездесетін АСБ оқушыларының нақты қажеттіліктерін және соған байланысты әлеуметтік мәселелерді ескеру қажет. Жәбірленген аутист студенттері мен олардың ата-аналарының дауыстарын тындау қажеттілігін көрсетеді және мектептер, үкіметтер, ата-аналар мен жастар болашақта ынтымақтасуы керек екені анық [9].

Кибербуллинг аутист адамдардың психологиялық жағдайы мен эмоционалдық әл-ауқатына теріс әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың әлеуметтік оқшауландыруын күшейтін, әлеуметтік бейімделуін қиындатады.

Аутисттер арасында кибербуллингтің алдын алу үшін онлайн ортада қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған тиімді стратегиялар мен саясаттарды әзірлеу қажет. Бұл ата-аналар мен тәрбиешілерді онлайн кеңістіктегі аутизмді қорғаудың ерекшеліктері мен әдістері туралы оқытуды ғана емес, сонымен қатар аутистерге кибербуллинг жағдайларын өздері түсінуге және тануға көмектесетін ресурстарды әзірлеуді, сондай-ақ қолдау мен кеңес беру үшін әлеуметтік қызметкерлерді, психологтарды және қоғамдық ұйымдарды ынтымақтастыққа тартуды қамтиды.

Аутистік спектрі бұзылған адамдар үшін қауіпсіз онлайн кеңістігін құру біздің қоғамдағы осы осал топты қорғау және қолдау мақсатында білім беру мекемелерінің, ата-аналардың, психология мамандарының және жұртшылықтың ұжымдық күш-жігерін қажет етеді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл жұмыста зерттеу әдістемесі ретінде кейс-стади жасалды. Аутизмі бар адамдардың әлеуметтік желідегі кибербуллингін талдау контексіндегі кейс-стади жеке деңгейдегі кибербуллингтің әсерімен сипатталатын оқиғаларды егжей-тегжейлі зерттеудің негізгі құралы ретінде әрекет етеді. Кейс-статиді таңдау бірнеше себептерге байланысты тиімді болуы мүмкін:

1. Нақты жағдайды терең түсіну: кейс аутист адамның кибербуллингін белгілі бір жағдайын егжей-тегжейлі зерттеуге, мәселені түсіну үшін маңызды ерекшеліктерді, салдарларды және нақты жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.

2. Деректердің нақты контексі: нақты жағдайды талдау аутист адамға кибербуллингтің эмоционалды және психологиялық әсерін қоса алғанда, көптеген аспектілерді көруге мүмкіндік береді. Бұл жеке қажеттіліктер мен ұқсас жағдайларға реакциялар туралы терең түсінік бере алады.

3. Мәселені тереңірек зерттеу: кейс-стади кибербуллинг жағдайындағы аутисттердің жеке қажеттіліктері мен тәжірибелерін тереңірек түсіну үшін пайдаланылуы мүмкін, бұл алдын алу мен қолдаудың тиімдірек әдістеріне әкелуі мүмкін.

4. Осалдық факторларын анықтау: кейс-стади аутисттердің онлайн-ортадағы осалдықтарын анықтауға көмектеседі, оларды кибербуллингке бейім ететін нақты аспектілер туралы ақпарат береді [10].

Осылайша, аутистік кибербуллинг туралы жұмыста кейс-статиді таңдау нақты жағдайларға негізделген мәселені жақсырақ түсінуге көмектесіп, ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге және анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу әдістемесі ретінде кейс-стади таңдалып, 2 кейс зерттеледі.

Кейс-стади әдісі бірнеше себептерге байланысты аутистік спектрі бұзылған балалар арасындағы киберқауіпсіздікті зерттеу үшін таңдалды. Біріншіден, кейс әдісі АСБ балалардың жеке және ерекше аспектілерін және олардың кибербуллингке реакциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттелетін 14 жастағы суретке қызығатын Бақтияр және видео-ойын жағдайында өзге ойыншы тарапынан кибербуллингке ұшыраған 15 жасар жасөспірім сияқты нақты жағдайларды қарастыру кибербуллингтің балалардың өзін-өзі бағалауы мен эмоционалды жағдайына әсерін анықтауға көмектеседі. Екіншіден, кейстерді пайдалану кибербуллингтің алдын алуға және зардап шеккен балаларды қолдауға бағытталған ата-аналарға, мұғалімдерге және мектеп әкімшілеріне практикалық нұсқаулар жасауға ықпал етеді. Соңында, кейс-әдіс араласудың және қолдаудың неғұрлым жан-жақты және жекелендірілген стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін жағдайлар мен реакциялардың әртүрлілігін зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

АСБ балалардың кибербуллингке ұшырауы жайындағы 1-кейс.

«Аутистік спектрі бұзылған 14 жастағы дарынды суретші Бақтияр күн сайын өз әлемін қағаз жүзінде өзгертеді. Алайда оның ерекше талантты қатыгез кибербуллингке себеп болды. Әлеуметтік желілерде оның көркем туындылары мазақ пен қауіп-қатердің нысанасына айналды. Сыныптастары оның портреттерінің әрбір ерекшелігін сынға алып, ал кейбіреулері тіпті осындай мазақ ету үшін онлайн топ құрған.

Бақтияр өзін-өзі жайсыз сезініп, суреттерін салуды тоқтатты. Оның шығармашылықтан қуанышы жойылып, оқшаулануға жол берді. Бақтиярдың ата-анасы ұлының мінез-құлқындағы өзгерістерге алаңдап, толқу мен мазасыздықты сезінді, бірақ жағдайды жақсарту үшін нақты қадамдарды анықтауда қиындықтарға тап болды. Олар Бақтиярдың суреттерін салуды тоқтатып, өзін-өзі жабық ұстай бастағанынан, жағдайдың қиындығын түсінді. Оған қалай көмектесуге және шығармашылықтың қуанышын қайтаруға болатындығы туралы түсінбеушілік ата-аналарға алаңдаушылық туғызды».

Бақтиярға тиімді қолдау көрсету үшін ең алдымен ата-аналармен ынтымақтастықты сақтау маңызды. Себебі, ата-аналар балаларының психологиялық әл-ауқатын сақтауда және оларға кибербуллингтің жағымсыз әсерлерімен күресуге көмектесуде шешуші рөл атқара алады. Бұл жасөспірімнің интернеттегі белсенділігін бақылауды, оның эмоционалды жағдайы туралы ашық диалогты және қажет болған жағдайда көмек іздеуді қолдауды қамтуы мүмкін.

Бұл жағдайда Бақтиярдың өзін-өзі бағалауы төмендегенін байқаймыз, сондықтан ата-анасының қолдауымен психотерапия жүргізу қажеттілігі көрініп тұр. Сондай-ақ, жеке таланттарды қолдау және дамыту аутистік спектрі бұзылған жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатына оң әсер етуі мүмкін.

Мектептер мен қоғамдық ұйымдар Бақтияр сияқты жасөспірімдерді қолдау және шабыттандыру үшін өнер үйірмелері, көрмелер мен байқаулар сияқты шығармашылық көріністерге мүмкіндік бере алады, кибербуллинг объектісіне айналудан қорықпай өз таланттарын дамытуды жалғастыра алады. Осылай Бақтиярдың оқшаулануы, мінезінің тұйықталуын тоқтатып, өмірге ашық болуына қолайлы болады [11].

Бақтияр ісін талдау аутист балалардың, әсіресе шығармашылық саласында кездесетін кибербуллингтің бірегей аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу кибербуллингтің алдын алу және аутист жасөспірімдердің шығармашылыққа деген қызығушылығын қалпына келтіру бойынша нақты нұсқаулар береді деп күтілуде.

Аутистік спектрі бұзылған әсіресе жасөспірімдер шын өмірдегі байланыстан гөрі әлеуметтік желілерде көбірек отыруды артық көреді. Осыған байланысты аутизмі бар жасөспірімге және оның отбасына кибербуллинг әсері жайлы кейс-стадиді талдайық.

Біз кибербуллингке тап болған аутистік спектрі бұзылған 15 жастағы жасөспірімнің жағдайын қарастырамыз. Бұл жағдай мұндай сәттерде, әсіресе даму ерекшеліктері бар балалар үшін туындауы мүмкін ауыр зардаптарды көрсетеді.

Аутистік спектрі бұзылған балалардағы кибербуллинг көрінісін бейнелейтін 2-Кейс.

«Бұл жасөспірімнің отбасы басқа балалардың қатыгездігінен аулақ болғысы келетінін ескере отырып, қауіпсіз және қолдау ортасын қамтамасыз ету үшін аутист баласына үйде оқытуды таңдады. Алайда, мұндай ортада да ол кибербуллингке тап болды.

Онлайн видео-ойын дауы ретінде басталған нәрсе жүйелі кибербуллингке айналды. Жасөспірім сөйлеудің стандартты емес стилі мен әлемнің құрылымына байланысты құрбан болды, бұл оның эмоционалды және физикалық әл-ауқатына ауыр зардаптар әкелді. Кибербуллинг жасөспірімнің күйзелісі мен мазасыздығын тудырды, сонымен қатар өзіне зиян келтіре бастаған. Стимуляциясы бақылаудан шығып, ол өзіне ауыр физикалық жарақат жасады.

Ата-ана әрекеттері сайтқа кіруді жоюды және өзіне зиян келтірмеу үшін араласуды қамтыды. Бұл жасөспірімнің эмоционалды тепе-теңдігін қалпына келтіру үшін уақыт пен күш жұмсады. Басқалардың, соның ішінде ағасының және сайттың басқа пайдаланушыларының қолдауы отбасы мен жасөспірімге осы жағымсыз тәжірибені жеңуге көмектесуде маңызды рөл атқарды».

Осы жағдай кибербуллингтің салдарын білу қажеттілігін және даму ерекшеліктері бар балаларға қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Қауіпсіз орта мен мейірімділік мәдениетін құру осал топтарды осындай оқиғалардан және олардың зардаптарынан қорғау үшін қажет.

Бұл жасөспірімге кибербуллинг жағдайында психологиялық оңалу психологиялық терапия, дәлірек, когнитивті мінез-құлық терапиясы өткізу оның жағдайын оңалта алады. Когнитивті мінез-құлық терапиясы (СВТ) немесе ойын терапиясы сияқты тұрақты психологиялық терапия сеанстары жасөспірімге эмоцияларын түсінуге және өңдеуге, сондай-ақ кибербуллингпен күресу стратегияларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жасөспірім өзіне-өзі физикалық жарақат жасағандықтан, психологиялық көмектің жеткіліксіздігін, өзіне-өзі қол жұмсау ықтималдылығы жоғары. Психиатр, психологтардың зерттеуінше, әсіресе АСБ балаларға когнитивті мінез-құлық терапиясы оңтайлы психикалық күйге келуіне көмектесетінін зерделеген [12].

Екі жағдайда да аутистік спектрі бұзылған яғни, нейро-өзгеше балалардың кибербуллингке ұшырау қаупі жоғары осал топ болып табылатыны көрінеді. Солай, 2 кейске сүйене отырып, АСБ балалардың кибербуллингке ұшырағаннан кейін өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, депрессия, стресс, селфхарм немесе өзіне қасақана немесе бейсаналық түрде физикалық зақым келтіретін мінез-құлық салдарына алып келеді.

2 кейс бойынша ұсыныс ретінде кибербуллингтің алдын алу стратегиялары.

Аутистік спектрі бұзылған балалар арасында кибербуллингті алдын алу бойынша ұсынымдар:

1. Сандық сауаттылықты насихаттау және интернеттегі қауіпсіздік туралы білім беру. Аутист балаларды интернеттегі қауіпсіздік пен цифрлық сауаттылыққа үйрету оларды қорғау үшін өте маңызды. Оларға кибербуллингке байланысты мінез-құлықты қалай анықтауға, оқиғалар туралы хабарлауға және мұндай мінез-құлықты көрсететін адамдарды бұғаттауға немесе оларға жол бермеуге үйрету олардың онлайн тәжірибесін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құпиялылық параметрлері бойынша ата-аналар мен мұғалімдердің ұсыныстар беру және жеке ақпаратты интернетте жарияламаудың маңыздылығы олардың нысанаға айналу қаупін азайтуға көмектеседі.

2. Әлеуметтік дағдылар мен эмпатияны дамыту. Аутист балаларда әлеуметтік дағдылар мен басқа адамдардың эмоцияларын түсіну проблемалары жиі кездеседі. Әлеуметтік дағдылар бойынша нейротипикалық адамдарға/балаларға сарапшылардан тренингтер мен эмпатияны дамыту іс-шараларын өткізу арқылы аутизмді тану және кибербуллинг құрбандарына жанашырлық таныту қабілетін арттыра аламыз. Мұндай араласулар аутизмі бар балаларға сау онлайн қарым-қатынасты дамытуға және олардың кибербуллинге айналысу мүмкіндігін азайтуға көмектеседі.

3. Ата-аналардың қатысуын және қадағалауын ынталандыру. Ата-аналар аутист балаларын кибербуллинге қорғауда шешуші рөл атқарады. Баласының интернеттегі белсенділігін бақылай отырып, ата-аналар кибербуллиннің ықтимал жағдайларын анықтап, жедел араласуы мүмкін. Ата-аналар мен олардың балалары арасындағы олардың онлайн тәжірибесіне қатысты ашық қарым-қатынас сенімділікті арттыруға және балаларды кибербуллинге тап болған кезде қолдау сұрауға шақыруы мүмкін [9].

4. Мектептермен және оқытушылармен ынтымақтастық. Мектептер мен тәрбиешілер аутистік спектрі бұзылған балалар арасында кибербуллиннің алдын алуға олардың оқу бағдарламаларына буллинг түрлеріне қарсы бағдарламаларды қосу арқылы айтарлықтай үлес қоса алады. Бұл бағдарламалар кибербуллинг туралы хабардарлықты арттыруға, эмпатияны үйретуге және барлық оқушылар үшін қауіпсіз және инклюзивті онлайн ортаны құруға бағытталуы керек. Мұғалімдер сонымен қатар кибербуллиннің құрбаны болған аутист балаларға қолдау көрсетіп, оларға эмоционалды әсерді жеңу үшін қажетті көмек көрсетілуін қамтамасыз ете алады [2; 2283].

Қорытынды

Мақалада әлеуметтік желілерде аутистік спектрі бұзылған балалар арасындағы кибербуллинг мәселесі терең талданған. Зерттеу арқылы бұл құбылысты тану мен оған қарсы тұрудағы қиындықтарды анықтады, әсіресе нейродивергенттілік жағдайында. Әдебиеттерге шолу арқылы кибербуллинг терминіне анықтама беріліп, оның буллингтен айырмашылығы көрсетілді, сонымен бірге психологиялық зерттеулер арқылы тақырыптың өзектілігі айқындалған. Сондай-ақ, АСБ жасөспірімдердің неліктен онлайн платформада осал тобы екені анықталды.

АСБ балалар, яғни, нейро-өзгеше балалардың әлемді қабылдау ерекшелігіне байланысты, кибербуллингті 2 кейс-стади көрсеткендей түсіну қиындығымен көрінеді. Сондықтан, көп жауапкершілік ата-ана, мұғалімдер мойнына ілінеді. Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде кибербуллингке ұшыраған АСБ балалармен жұмыс немесе алдын алуда ең бірінші жауапты адаммен іс-шараларды ұйымдастыру стратегиялары ұсынылды. Ата-аналар мен қоғам алдында тұрған қиындықтар онлайн кеңістіктегі қауіпсіздік тәсілін жүйелі түрде өзгерту қажеттілігін көрсетеді. Біздің қорытындыларымыз барлық балалар үшін қауіпсіз ортаны құру үшін осы саладағы қосымша зерттеулердің өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Campbell M. et al. Bullying prevalence in students with autism spectrum disorder / M. Campbell, et al. // Australasian Journal of Special Education. — 2017. — Vol. 41. — № 2. — P. 101–122. <https://doi.org/10.1017/jse.2017.5>.
- 2 Trundle G. et al. Prevalence of victimization in autistic individuals: A systematic review and meta-analysis / G. Trundle, et al. // Trauma, Violence, & Abuse. — 2023. — Vol. 24. — № 4. — P. 2282–2296. <https://doi.org/10.1177/15248380221093689>.
- 3 Holfeld B. Traditional and cyber bullying and victimization among youth with autism spectrum disorder: An investigation of the frequency, characteristics, and psychosocial correlates [Electronic resource] / B. Holfeld, B. Stoesz, J. Montgomery // Journal on Developmental Disabilities. — 2019. — Vol. 24. — № 2. — P. 61–76. — Access mode: <https://oadd.org/wp-content/uploads/2019/12/41028-JoDD-24-2-v11f-61-76-Holfeld-et-al.pdf>.
- 4 Triantafyllopoulou P. Social media and cyber-bullying in autistic adults / P. Triantafyllopoulou, C. Clark-Hughes, P.E. Langdon // Journal of autism and developmental disorders. — 2022. — Vol. 52. — № 11. — P. 4966–4974. <https://doi.org/10.1007/s10803-021-05361-6>.
- 5 Saggars B. et al. Understandings and experiences of bullying: impact on students on the autism spectrum / B. Saggars et al. // Australasian Journal of Special Education. — 2017. — Vol. 41. — № 2. — P. 123–140. <https://doi.org/10.1017/jse.2017.6>.
- 6 Hu H.F. et al. Cyberbullying victimization and perpetration in adolescents with high-functioning autism spectrum disorder: Correlations with depression, anxiety, and suicidality / H.F. Hu et al. // Journal of autism and developmental disorders. — 2019. — Vol. 49. — P. 4170–4180. <https://doi.org/10.1007/s10803-019-04060-7>.
- 7 Kowalski R.M. Cyber bullying in ADHD and Asperger Syndrome populations / R.M. Kowalski, C. Fedina // Research in Autism Spectrum Disorders. — 2011. — Vol. 5. — № 3. — P. 1201–1208. <https://doi.org/10.1016/j.rasd.2011.01.007>.

8 Ashburner J. et al. How are students on the autism spectrum affected by bullying? Perspectives of students and parents / J. Ashburner et al. // Journal of Research in Special Educational Needs. — 2019. — Vol. 19. — № 1. — P. 27–44. <https://doi.org/10.1111/1471-3802.12421>.

9 Carrington S. et al. Recommendations of school students with autism spectrum disorder and their parents in regard to bullying and cyberbullying prevention and intervention / S. Carrington et al. // International Journal of Inclusive Education. — 2017. — Vol. 21. — № 10. — P. 1045–1064. <https://doi.org/10.1080/13603116.2017.1331381>.

10 Stoecker R. Evaluating and rethinking the case study / R. Stoecker // The sociological review. — 1991. — Vol. 39. — № 1. — P. 88–112. <https://doi.org/10.1111/j.1467-954X.1991.tb02970.x>.

11 Филиппова О.Н. Особенности творческого самовыражения детей с расстройствами аутистического спектра (РАС). Этапы развития и диагностика ребёнка [Электронный ресурс] / О.Н. Филиппова // Инновационные подходы в решении научных проблем. Сб. тр. по материалам XI Международного конкурса науч.-исследовательских работ. — Уфа: Изд. «НИИ Вестник науки», 2023. — С. 151–162. — Режим доступа: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_50076977_52556588.pdf.

12 Марценковский И.А. Рисперидон и когнитивно-поведенческая терапия в комплексном лечении детей с расстройствами из спектра аутизм [Электронный ресурс] / И.А. Марценковский, Я.Б. Бикпаева, О.С. Ващенко // Український вісник психоневрології. — 2009. — Вип. 3. — № 17. — С. 76–82. — Режим доступа: <https://elibrary.ru/item.asp?id=21851799>.

Н. Сагидолда, А.А. Дуйсембай

Рассмотрение способов предотвращения кибербуллинга аутичных детей в контексте социальных сетей

В статье проведен углубленный анализ феномена кибербуллинга среди детей с расстройствами аутистического спектра, который усугубляется сложностью его распознавания родителями. Цель статьи — изучить и описать феномен кибербуллинга среди детей с расстройствами аутистического спектра в социальных сетях. На основании проведенного анализа выявить особенности, причины и последствия киберзапугивания детей с аутизмом. Исследование основано на кейс-технологиях 14-летнего Бахтияра, интересующегося рисованием, и 15-летнего подростка, подвергшегося кибербуллингу со стороны другого игрока в условиях видеоигры. Статья раскрывает динамику изменений творческой активности и эмоционального состояния детей. Результаты исследования позволяют разработать рекомендации по борьбе с кибербуллингом и поддержке интересов аутичных подростков. В статье рассмотрена проблема как частный случай, подчеркивается сложность распознавания кибербуллинга нейроотличными детьми и предлагаются меры по повышению осведомленности и защите виртуального пространства для конкретной группы. Также даны рекомендации по профилактике кибербуллинга среди детей с расстройствами аутистического спектра. Основное внимание уделяется обучению цифровой грамотности и безопасности в интернете, развитию социальных навыков и сочувствия, активному участию родителей и сотрудничеству со школами. Обучение аутичных детей и их родителей правилам конфиденциальности, а также признание киберзапугивания важной проблемой, способствует защите детей. Методы развития эмпатии и социальных навыков помогают улучшить взаимодействие детей в онлайн-среде. Школьные мероприятия по борьбе с киберзапугиванием повышают осведомленность и способствуют созданию инклюзивной среды. Исследование подчеркивает необходимость системного подхода к безопасности детей с РАС в интернете.

Ключевые слова: дети с расстройствами аутистического спектра, РАС, кибербуллинг, аутизм, родители, учитель, депрессия, интернет.

N. Sagidolda, A.A. Duisembay

Consideration of ways to prevent cyberbullying of autistic children in the context of social networks

This article will provide an in-depth analysis of the phenomenon of cyberbullying among children with autism spectrum disorders, aggravated by the difficulty of parents to recognize it. The purpose of the article is to study and describe the phenomenon of cyberbullying among children with autism spectrum disorders on social networks. Based on the analysis, to identify the features, causes, and consequences of cyberbullying of children with autism. The study is based on the case study of a 14-year-old Bakhtiyar, who is interested in drawing, and a 15-year-old teenager who was subjected to cyberbullying by another player in a video game. The article reveals the dynamics of changes in creative activity and the emotional state of children. The results of the study allow us to develop effective recommendations for combating cyberbullying and supporting the creative interests of autistic adolescents. The article considers the problem as a special case, highlights the difficulty of recognizing cyberbullying by neuro-different children, and suggests measures to raise awareness

and protect the virtual space for a specific group. The article provides recommendations for the prevention of cyberbullying among children with autism spectrum disorders. The focus is on teaching digital literacy and online safety, developing social skills and empathy, active parental involvement, and collaboration with schools. Educating autistic children and their parents about privacy and recognizing cyberbullying helps protect them. Empathy and social skills development techniques can help improve children's interaction in an online environment. School-based anti-cyberbullying activities raise awareness and create an inclusive environment. The study highlights the need for a systematic approach to the safety of children with ASD on the Internet.

Keywords: children with autism spectrum disorders, ASD, cyberbullying, autism, parents, teacher, depression, Internet.

References

- 1 Campbell, M., Wang, Y.S., Whiteford, C., Dillon-Wallace, J., Ashburner, J., Siggers, B., & Carrington, S. (2017). Bullying prevalence in students with autism spectrum disorder. *Australasian Journal of Special Education*, 41(2), 101–122. <https://doi.org/10.1017/jse.2017.5>.
- 2 Trundle, G., Jones, K.A., Ropar, D., & Egan, V. (2023). Prevalence of victimisation in autistic individuals: A systematic review and meta-analysis. *Trauma, Violence, & Abuse*, 24(4), 2282–2296. <https://doi.org/10.1177/15248380221093689>.
- 3 Holfeld, B., Stoesz, B., & Montgomery, J. (2019). Traditional and cyber bullying and victimization among youth with autism spectrum disorder: An investigation of the frequency, characteristics, and psychosocial correlates. *Journal on Developmental Disabilities*, 24(2), 61–76. Retrieved from <https://oadd.org/wp-content/uploads/2019/12/41028-JoDD-24-2-v11f-61-76-Holfeld-et-al.pdf>.
- 4 Triantafyllopoulou, P., Clark-Hughes, C., & Langdon, P.E. (2022). Social media and cyber-bullying in autistic adults. *Journal of autism and developmental disorders*, 52(11), 4966–4974. Retrieved from <https://doi.org/10.1007/s10803-021-05361-6>.
- 5 Siggers, B., Campbell, M., Dillon-Wallace, J., Ashburner, J., Hwang, Y.S., Carrington, S., & Tones, M. (2017). Understanding and experiences of bullying: impact on students on the autism spectrum. *Australasian Journal of Special Education*, 41(2), 123–140. <https://doi.org/10.1017/jse.2017.6>.
- 6 Hu, H.F., Liu, T.L., Hsiao, R.C., Ni, H.C., Liang, S.H.Y., Lin, C.F., ... & Yen, C.F. (2019). Cyberbullying victimization and perpetration in adolescents with high-functioning autism spectrum disorder: Correlations with depression, anxiety, and suicidality. *Journal of autism and developmental disorders*, 49, 4170–4180. <https://doi.org/10.1007/s10803-019-04060-7>.
- 7 Kowalski, R.M., & Fedina, C. (2011). Cyber bullying in ADHD and Asperger Syndrome populations. *Research in Autism Spectrum Disorders*, 5(3), 1201–1208. <https://doi.org/10.1016/j.rasd.2011.01.007>.
- 8 Ashburner, J., Siggers, B., Campbell, M.A., Dillon-Wallace, J.A., Hwang, Y.S., Carrington, S., & Bobir, N. (2019). How are students on the autism spectrum affected by bullying? Perspectives of students and parents. *Journal of Research in Special Educational Needs*, 19(1), 27–44. <https://doi.org/10.1111/1471-3802.12421>.
- 9 Carrington, S., Campbell, M., Siggers, B., Ashburner, J., Vicig, F., Dillon-Wallace, J., & Hwang, Y.S. (2017). Recommendations of school students with autism spectrum disorder and their parents in regard to bullying and cyberbullying prevention and intervention. *International Journal of Inclusive Education*, 21(10), 1045–1064. <https://doi.org/10.1080/13603116.2017.1331381>.
- 10 Stoecker, R. (1991). Evaluating and rethinking the case study. *The sociological review*, 39(1), 88–112. <https://doi.org/10.1111/j.1467-954X.1991.tb02970.x>.
- 11 Filippova, O. N. (2023). Osobennosti tvorcheskogo samovyrazheniia detei s rasstroistvami autisticheskogo spektra (RAS). Etapy razvitiia i diagnostika rebenka [Peculiarities of creative self-expression in children with autism spectrum disorders (ASD). Stages of development and diagnosis of a child]. *Imovatsionnye podkhody v reshenii nauchnykh problem — Innovative approaches to solving scientific problems. Collection of works based on the materials of the XI International Competition of scientific research papers* (pp. 151–162). Ufa: Izdatelstvo “Nauchno-izdatelskii tsentr Vestnik nauki”. Retrieved from https://www.elibrary.ru/download/elibrary_50076977_52556588.pdf [in Russian].
- 12 Martsenkovsky, I.A., Bikshaeva Ya.B., & Vashchenko, A.S. (2009). Risperidon i kognitivno-povedencheskaia terapiia v kompleksnom lechenii detei s rasstroistvami iz spektra autizm [Risperidone and cognitive-behavioral therapy in complex treatment of children with disorders from the autism spectrum]. *Український вісник психоневрології — Ukrainian Bulletin of psychoneurology*, Issue 3, 17, 76–82. Retrieved from <https://elibrary.ru/item.asp?id=21851799> [in Russian].

Information about the authors

Sagidolda, N. — (contact person), PhD, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nagima.sagidolda@narxoz.kz;

Duisembay, A.A. — Master's Student of the 1st year of the specialization “Social Work”, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: assel.duisembai@narxoz.kz.